



Бір қазақтың тағдыры

Мақала кейіпкері тек фашизммен ғана соғыспаған. Адам тағдырын ойыншық құрлы көрмеген сол кездегі билік жүйесінің небір қатан жазаларына мойынай, тағдырдың ауыр сынагына сынбай, табандылығының арқасында осының барін жеңіп шығады.

Жанпейіс Аяпұлы 1905 жылы Аманкелді (сол кездегі Батпактара) ауданында өмірге келген. Енгезек болыш есілті. Сейтіл жүріп А. Байтұрсынулының тете жазуымен сауатын ашады. Әйтсе де, еріпті ғана тану қалған мамандығының иесі болуына аздық ететінін үгүйніп, (сол уақыттағы еліміздің астанасы) Қызылорда қаласында рабфакта білімін жетілдіреді. Ісіне тиянақты, көз ашық, азamat қызметке арапасып, көп үзамай ауаткомның нұсқаушысы міндетін атқарады. Бұл кез қазақтың басына наубет келген уақыт болатын. Жанпейіс Аяпұлы осы кезде көптің алғысын ариналайды. 1928 жылдан бастап қолдан үйімдастырылған аштық, уақытында Қызыл аскерге ілесяп, аштықтан әбден титынғаған жүртің арнайы

белінген аз тамақтың аділ боліп беруге бас – кез болған екен.

Өмірде адамға ауыр тиіп, титықтататын бір нәрсе болса, ол – нақақ жала екені малім. Дәл осы жағдай атамыздың да басына түседі. Бұл тарихта қанмен жазылған әйгілі 1937 жыл еді. Жер жүзінің жартысын алғып жатқан алғы империя осы уақытта шын бейнесін көрсетіп алды. Ол үшін халық, жай ғана саяси ойын құралы еді. Жалған жала, жаппай куда-лауга тек біздің қандастарымыз ғана үшырамаганын қаір оқып, біліп отырсақта, сол кездегі салмақтың ауыры қазақтың басына түскені белгілі. Оған себеп, біздегі ел басқарған «шаш ал десе, бас алатын» қанішер, азгербақан, тайыз ойлы шенеуінктердің кесірінен болды. Міне, сол бір зұлмат саясат Жанпейіс атамыздың да өмірін тас – талқан етті. Елге деген қамкорлығы езіне қамшы болып тиіп, отірік жаламен Қостанайдан Колымаға айдалып кете барған. Әрі қарай Сібірге жеткізіліп, адам тоғтісіз ауыр жұмыстар істеген. Батырдың төл перзенті Таймас Жанпейісулы бутан дейін тілге тиек еткендей, әкесі етінің тірлігімен Сталинге сан мәрте хат жазып, 1940 жылы бостандықта шығыпты. Десе де, «елге жетсем, ағайынмен көрісем» деген арман араға 8 жыл

салып бірақ орындалған. Отанға оралмай, Улы отан соғыссының ерті тұтандын шақта, колға қару алып, соғысқа аттанады. Ол жақта 1 – ші Белоруссия майданында ажалмен сан марте бетпе – бет кездеседі. Сойтсө де, елім деген ерен ердің талқаны таусымлай, жақындарын коруді жазыпты.

Соғыс біткен соң, енбек майданына арапасады. Білімді азamat білікті есепші атанады. Аманкелдің бірталай уақыт қызметті істеп, 1950 жылы Арқалық қаласына (сол кездегі Қызылқозы) барлау экспедициясының басшысы Волковтың, арнайы шақыртуымен келіп, енбек жолын осында жалғастырады. Кеннің алғашқы қазылуы мен бүтінгідей қаланың салынуына үлес косып, осында үрпактарын есіріп, езі орнатқан бейбіт күнде бакытты гүмір кешкен.

Бұл – сан қызындықты артта қалдырып, қайсарлығының арқасында мақсатына жеткен бір ғана қазақ баласының қысқаша тарихы болатын. Откенинді білмесен бүтінгі күнің мағынасыз. Себебі, бүтінгі мамыражай тірліктің артында қаншама ақкан қан, теккен тер, талкекке түскен тағдырлар бар. Соны есте сақтап, рухтарына тағым жасау бізге парыз.

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ